

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту
және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

12.04.2018
сағ.11:00

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасының басшысы, М.Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссия хатшысы.

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша келіп түскен үміткерлердің тендерге қатысу өтінімдерін қарастыру.
2. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шарттарға сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін азайту.
3. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №643-№647, №648 лоттар бойынша кесімді бағасын 2014 жылғы 17 қазандағы №1108 Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген, Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42-тармақтарына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету.

4. Жаңа лоттарды қалыптастырумен байланысты №144 - №236 лоттарды 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен (Бұдан әрі - Тізбе) алып тастау және ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының 2018 жылғы 11 сәуірдегі шығ. №19-7-20/81 қызметтік жазбасына сәйкес тізбені жаңа №650-№673 лоттарымен толықтыру.

1. Тендер 2018 жылғы 05 сәуірдегі мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі ММРК тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында жарияланған хабарландыру негізінде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі әлеуетті үміткерлерден тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«Petroleum Invest Company» ЖШС	1	Жамбылская обл., Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абая көш. 129	11.04.2018	16:00
2	«АзияГранд.kz» ЖШС	1	к. Астана, Кенесары көш. 51 ВП-5	11.04.2018	17:45
	Барлық конверттер:	2			

Қағидаларының 13-тармақтарына сәйкес тендерлік комиссия үміткер ретінде келесі қатысушыларды тіркеуді шешті:

1. «Petroleum Invest Company» ЖШС (№648 лот)

Тендерге қатысу өтінімі 18 парақта тігілген, мөрленген, нөмерленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 12.10.2016 жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) 05.10.2016 жылғы «Petroleum Invest Company» ЖШС жалғыз қатысушысы туралы шешімнің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

10.04.2018
 41 124 81 *Асқар Бектұров* *кең.* *46* *Кубин*

5) 05.10.2016 жылғы «Petroleum Invest Company» ЖШС директор лауазымына тағайындау туралы бұйрығының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) 09.04.2018 жылғы №314/31-61-973 «Ресей Жинақ Банкі» АҚ банк филиалынан берешектің жоқтығы туралы анықтама;

7) жеке куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

8) 09.04.2018 жылғы №93 төлем тапсырмасы.

2. «Азия Гранд.kz» ЖШС(№648 лот)

Тендерге қатысу өтінімі 12 парақта тігілген, мөрленген, нөмерленген:

1) Тендерлік өтінім;

2) 10.04.2018 жылғы №301/23/46/0346 «Ресей Жинақ Банкі» филиалының берешектің жоқтығы туралы анықтама;

3) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) 22.01.2014 жылғы заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы;

5) 11.04.2018 жылғы №15 төлем тапсырмасы.

Қағидалардың 36 және 39-тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен талдау және бағалау нәтижелері бойынша жеңімпаз ретінде тану туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

Неғұрлым жоғары өтінім бағасын ұсынған қатысушы ретінде **№648 лот** бойынша өтінім бағасы **305 400 000 (үш жүз бес миллион төрт жүз мың) теңгемен «Азия Гранд.kz» ЖШС** тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 39 т. сәйкес);

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Тендерлік комиссия күн тәртібінің екінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 8-тармақшасына сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» ШЖҚ РМК, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Амбулаторлық-емханалық қызметі бар Арал аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК, «Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының №5 «Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну Орталығы» КММ мемлекеттік

Handwritten signatures and stamps at the bottom of the page, including a large signature that appears to read "Absent" and another signature on the right.

сатып алу туралы шарттардың жасалуына байланысты келесі лоттар алынып тасталынсын:

- №286 лоты «күріш жармасы» 500 кг;

келесі лоттардың көлемі азайтылсын:

- №313 лоты «күріш жармасы» 4500 кг;

- №29 лоты «Жоғарғы сұрыпты бидай ұны» 4834 кг;

- №366 лоты «Қарақұмық жармасы» 8247,2 кг.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

3. Тендерлік комиссия күн тәртібінің үшінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қағидалардың 41,42-тармақтарына сәйкес №643-№647 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасы 10 % төмендетілсін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

4. Тендерлік комиссия күн тәртібінің төртінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Жаңа лоттарды қалыптастырумен байланысты №144 - №236 лоттарды тізбеден алып тасталынсын;

ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының 2018 жылғы 11 сәуірдегі шығ. №19-7-20/81 қызметтік жазбасына сәйкес тізбені жаңа №650-№673. лоттарымен толықтырылсын.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2018 жылғы 12 сәуірдегі өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылғы жаңарту және броннан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

ММРК 10 (он) жұмыс күні ішінде жеңімпазбен сату алу-сату шарты жасалсын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 12 сәуірде сағат 11.38-да аяқталды деп есептелсін.

0000 4/12/11 Асау Әлиханов ас

Қосымша:

1. 2018 жылғы 12 сәуірдегі өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, _____ парақта.

Комиссия торағасы:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:

Орынбеков Б. Ә.



Ахметов Б. Қ.




Дүйсекенова Д.Н.




Рахаев М.Н.




Әжіғұлова М.Ж.



Иманбаев Н.М.



Бекенов А.С. .



Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.

